

# ҚАСИЕТТІ ОДАҚ




# Вена

1815 жылы 9  
шілдеде  
аяқталды

1814 жылдың 1  
қыркүйегінде  
ашылды

## Қасиетті Одақ күрылды

Жеңімпаз-елдердің Қасиетті Одағы Вена конгресі бекіткен жаңа халықаралық саяси жүйенің тірегі болды. Бұл Одақтың *Ресей* императоры І Александр жасаған актысына 1815 жылдың 26 қыркүйегінде *Австрия* императоры І Франц, *Пруссия* королі Ш Фридрих Вильгельм қол қойып, бұл акты олардың атынан басқа еуропалық державаларға таратылды. Қасиетті Одақ актысына *Англиядан* басқа еуропалық мемлекеттердің барлығы да қосылды. Ал Англия формалды түрде Қасиетті Одаққа кірмегенмен, оның үкіметі өз саясатын Қасиетті Одақтың жалпы желісімен көбінде үйлестіріп отыратын еді




Вена Конгресінің  
мемлекеттердің  
алдына қойған

**мақсаты:**

1) Франция тарапынан қайталануы мүмкін агрессияға қарсы кепілдеме құру; 2) өздерінің жеке терри- ториялық мүдделерін қанағаттандыру; 3) XVIII ғ. француз буржуазиялық революциясының барлық салдарларын жою және ескі феодалдық-абсолюттік тәртіптерді барлық жерлерде қалпына келтіру

Бірақ осы мақсаттардың тек алғашқысы ғана толығымен орын- далды.




екінші - территориялық мүдделерін қанағаттандыруға келсек, тек бірқатар жеңіскер елдер ғана Франциямен болған ұзақ та қантөгісті соғыста Еуропаның едәуір әлсіз елдерінің есебінен кеңейіп шықты.

Вена конгресінің үшінші мақсаты - революциялық бастауларды жою және легитимизм принциптерін толығымен бекітуге қатысушылар қол жеткізе алмады.

# Вена Конгресінде қабылданған құжаттар:

Вена конгресі Бас трактатқа қосымша актылар ретіндегі бірқатар арнайы қосымша қаулылар қабылдады. Олардың ішінде **1815 ж. 8 ақпанында қол қойылған «Державалардың негрлерді сатуын жою жөніндегі Декларация», 1815 ж. 19 наурызында конгресс қабылдаған «Дипломатиялық өкілдердің рангілері туралы Ереже»** маңызды орын алады. Соңғы ереже алғаш рет әр түрлі дипломаттық өкілдердің рангілеріне біркелкілік енгізді, бұл дипломатиялық тұрмысқа халықаралық құқық нормасы ретінде ұзақ уақытқа енді және осы күнге дейін күшінде. Бұл қаулы XVII ғ. дипломатиялық тәжірибесінде өдеттегідей болып қалған үлкенік туралы шексіз ұрыстар мен қақтығыстарға нүкте қойды. Рангілер былайша белгіленді: 1) елші, папалық легат және нунций; 2) өкіл; 3) сенімді өкіл. Кейінірек, 1818 ж. бұл үш рангіге министр-резидент рангісі енгізілді, ол өкіл мен сенімді өкілдің арасына қойылды



1815 ж. 9 маусымында. Вена  
конгресінің соңғы жиналысы  
болды, онда 121 баптан және 17  
жеке қосымшадан тұратын  
«Қорытынды актыға» қол  
қойылды.

**Қасиетті Одақтың  
саяси өмірі аясында  
өткен 4 конгресс**



# Аахен Конгресі (Аахен -неміс қалашығы) 1818 жыл





*Қасиетгі Одақтың 1818 ж. Аахенде өткен бірінші конгресі Ресей, Австрия, Англия, Пруссия және Франция елдерінің алғашқы дипломатиялық конгресі болып табылды. Конгреске Ресей императоры І Александр, Австрия канцлері К.Метгерних, Англияның сыртқы істер министрі лорд Каслри, К.А.Гарденберг, Франция премьер-министрі герцог Ришелье қатысты.*

*Аахен конгресі 1818 ж. 20 қыркүйегінде ашылып, өз жұмысын осы жылдың 29 қарашасында аяқтады. Аахенге Ресей, Австрия және Пруссия делегацияларын басқарған Меттерних пен Каслри, Нессельроде мен Каподистрия, Франция премьер-министрі герцог Ришелье, сонымен қатар І Александр, І Франц және ІІІ Фридрих Вильгельм келді. Аахенге олардан басқа көптеген төменгі дәрежелі ағылшын, прус, орыс және француз дипломаттары да келді.*

Мақсаты: Еуропадағы саяси  
тепе-теңдікті одан әрі нығайту


*Конгресс жұмысы барысында 47 жиналыс өткізіліп, француз, испан мәселелері, құл саудасына тыйым салу және сауда-теңіз жолын қорғау, т.б. мәселелер қаралды. Алғашқы болып Франциядан жаулап алушы әскерлерді шығару туралы мәселе шешілді. 1818 ж. 3 қарашасындағы конгрестің барлық қатысушылары қол қойған декларация «Қазіргі уақытта игілікті ықпалы шайқалып қалған халықаралық құқық, тыныштық, сенім мен адамгершілік» бастауларын қолдаудағы олардың ынтымақтастығын жариялады. Күн тәртібінде ресми түрде француз проблемаларына байланысты екі мәселе ғана қойылғанына қарамастан, конгресте халықаралық қатынастардың басқа да аспектілері қарастырылды: Испания мен оның отарлары арасындағы қақтығыста держава-лардың делдалдық етуі жөніндегі мәселе, сауда теңіз жолының еркіндігі және құл саудасын тоқтату туралы мәселелер. Мұнда сауда теңіз жолын пираттардан қорғау туралы мәселе бойынша ғана нақты шешім қабылданды. Англия мен Францияға пираттық 87 әрекеттердің әлемдік саудадағы залалын тигізетіндігі және оларды ауыр салдарларға әкеліп соқтыратындығы туралы солтүстік-африкандық регенстволарға ескерту жасау ұсынылды*

□ *Аахен конгресі еуропалық дипломатия тарихындағы «Вена жүйесін» құрғаннан кейінгі ірі оқиға болды. Оның қабылдаған шешімдері оны нығайтып, ұлы державалардың өз одағын сақтап қалуға мүдделі екендігін көрсетті. Аахен конгресінің қабылдаған шешімдері Еуропада Қайта құру тәртібін сақтауға бағытталған болатын.*



# Троппау Конгресі (бұрынғы австрия тер.Силезия- қазір Оппава қаласы Польша)

1820 ЖЫЛ



*Бес одақтас  
державалардың -  
Австрия, Ресей, Пруссия,  
Франция мен Англия  
елдерінің екінші конгресі  
1820 ж. 11 қаңтарында  
Троппауда ашылды.*



### *Конгресс Ломбардия мен*

*Венециядағы Австрия иеліктеріне қауіп төндірген 1820 ж.*


*Неаполитан корольдігіндегі революцияға байланысты Меттернихтің бастамасымен шақырылған болатын. Оған үш монарх - I Александр, I Франц және III Фридрих Вильгельм, екі ресейлік статс-секретарь, Каподистрия мен Нессельроде, Австрия мен Пруссия каницлерлері, сонымен қатар әр түрлі дәрежедегі көптеген дипломаттар қатысты.*

*Ресми өкілдерден басқа мұнда делегация басшыларының отбасы мүшелері мен олардың қошеметшілері келді.*


Бірінші отырыста канцлер Меттерних «одақтас державалардың мемлекеттердің ішкі ісіне олардағы революцияны басу мақсатында араласуға құқығы» негізделген «Хатты» ұсынды. Меттерних австриялық ұсыныстардың «моральдық қолдауын» алуға тырысты. Ол неополитандық революция мен әскери араласудан басқа жол жоқ деп атап өтті. Ресей делегациясы неополитандық революцияға қарсы біріккен моральдық іс-әрекеттер қолдануды ұсынды. Пруссия өкілдері австриялық көзқарасты қолдады, ал Англия мен Франция өкілеттілері қандай да бір шешімді рәсімдеуден бас тартты. **1820 ж. 7 қарашасында Ресей, Австрия және Пруссия Бастапқы қаулы мен оған енгізілетін толықтыруларға қол қойды.** Оларда басқа мемлекеттердің ішкі істеріне (бұл мемлекеттер үкіметінің шақыруынсыз-ақ) олардағы революциялық қозғалыстарды басу үшін әскери араласу құқығы жарияланды. Бастапқы қаулының және оған енгізілетін қосымшаның мәтіні- мен Англия мен Франция өкілеттілері танысты. Олар неополитандық оқиғаларға одақтастардың араласу құқығын мойындағанмен, бұл құжаттарға ресми түрде қосылудан бас тартты. **Осылайша, Троппауда қабылданған шешімдерді мақұлдаудан формалды түрде бас тартқанмен, ағылшын өкілеттілері де, француз өкілеттілері де тәуелсіз мемлекеттің ішкі ісіне араласу құқығын айыптамады.** Конгресс қатысушылары қол қойған қаулы Австрияның неополитандық корольдікті жаулап алуына санкция берді. I Александрдың талап етуі бойынша, қаулы корольдікке қол сұқлаушылықты және неополитандық корольдің өз халқына конституцияны ерікті түрде сыйлау мүмкіндігін қамтамасыз етті.



# Лайбах Конгресі(Словения астанасы- Любляна) 1821 жыл







*Еуропадағы  
революциялармен күрес  
туралы мәселені талқылау  
Қасиетті Одақтың 1821 ж.  
11 қаңтарында Лайбахта  
ашылған  
үшінші конгресінде  
жалғасты.*

*Конгреске шақырылған Италия мемлекетінің өкілдері неополи-  
тандық революцияны басып-жаншуға қол жеткізуге тырысты  
және  
австриялық интервенцияның бүкіл Италияға тигізер салдары  
туралы тіптен ойланбады. Англия сырт көзге ғана  
бейтараптық  
танытқанмен, іс жүзінде Пруссия секілді австриялық  
жоспарды  
мақұлдады. Франция интервенция идеясының өзін қолдады.  
1821 ж. ақпанында австриялық, әскердің Неапольға қарсы  
жорығы басталды.*

*Лайбахтағы конгресс ресми түрде 26 ақпанда жабылғанмен, іс жүзінде 1821 ж. 12 мамырына дейін созылды. Қатысушылардың көпшілігі Лайбахта қалып, Пьемонттағы австриялық әскер мен Вена сарайының іс-қимылын қадағалады.*

*Итальяндық революциялар басып-жаншылғаннан кейін Австрия, Пруссия және Ресей өкілеттілері Лайбахта Неаполь мен Пьемонтты жаулап алуды жалғастыру туралы декларацияға қол қойып, заңды монархтардың билігін қайта орнату үшін күштік тәсілдерді пайдалану шешімін мақұлдады. Декларация Бастапқы қаулымен және оған енгізілетін толықтырулармен бірге Қасиетті Одақтың идеологиялық принциптерін білдірді.*

*Итальяндық революциялар басып-жаншылғаннан кейінгі Еуропадағы жағдай әлі де шиеленісті еді. 1822 ж. көктемінде Троппау-Лайбах конгресіне қатысушылар Испаниядағы революциямен күрес мәселесі бойынша бір-бірінің ұстанымын анықтау мақсатында барлау жүргізуді бастады. Одақтас державалар монархтарының кезекті кездесуі Лайбахтағы конгресте қарастырылған болатын.*



# Верон Конгресі (бұрын Австрия тер.-қазір Италия қаласы) 1822 жыл






*Жаңа жиналыс шақыру туралы I Франц I Александрға  
1822 ж. маусымында ұсыныс жасады. Жаңа конгресс  
өткізу орны ретінде Верона қаласы таңдалып алынды.*

*Бұл көне қалаға Ресей,  
Австрия және Пруссия монархтары, итальяндық  
государьлар,  
көптеген дипломаттар келді. Англиядан көрнекті  
мемлекеттік  
қайраткер герцог Артур Веллингтон өкілдік етті.  
Веронадағы конгресс 1822 ж. 20 қазанынан 14  
қарашасына  
дейін жүрді. Ол Қасиетті Одақтың дипломатиялық  
конгрестерінің  
ең соңғысы және едәуір өкілеттісі болды.*

Онда өздерін одақтастар деп атайтын бес ұлы держава басты рөл атқарды. Италияндық мемлекеттердің өкілдеріне екінші дәрежелі рөл берілді: олар итальяндық проблемаларды талқылауға қатысты. Шығыс дағдарысының басталуы қарама-қайшылық- тардың одан әрі тереңдеуіне алып келді. Бірінші болып Англия шеттей бастады. Франция болса, сақтық саясатын жүргізді. Ресей делегациясының бағдарламасы консервативті сипатта болды.

**Конгрестегі негізгі проблема француз королінің бастамасымен Испаниядағы революцияны басып-жаншу үшін интервенцияға әзірлік жасау болды. 1822 ж. 20 қазандағы өкілетті бес державаның жиналысында Францияның сыртқы істер министрі Францияны революция ықпалынан сақтап қалу үшін Испанияға интервенция жасауда оның үкіметіне «моральдық қолдау» көрсету туралы өтініш жасады. Англия, Пруссия және Ресей өкілдері бұл бастамаға оң көзқарас көрсетті. Веллингтон Францияның ұсынысы Англия-ның араласпау ұстанымына қайшы келетіндігі, сондықтан да оны қолдай алмайтындығы туралы мәлімдеді. Бұл мәлімдеменің астарында ағылшын жағының Франция Испаниядағы және жалпы Жерорта теңізіндегі ұстанымдарды нығайтады деген қауіп жатыр еді.**



**1822 ж. 19 қарашасында төрт державаның Испаниядағы революциялық үкіметті құлату жөніндегі шаралар туралы құпия мәмілесі болып табылатын қаулыға қол қойылды. Веллингтон бұл құжат испандық корольдің өміріне қауіп төндіруі мүмкін деген сылтаумен қол қоюдан бас тартты.**

# Испаниядағы француз интервенциясы

1823 ж. қаңтарында Верона конгресі әзірлеген жоспарға сәйкес, Испания үкіметіне төрт еуропалық держава — Австрия, Пруссия, Ресей және Франция үкіметі басшыларының корольге толық билікті қайтаруды талап еткен нотасы тапсырылды. Испан үкіметі егемен мемлекеттің ішкі ісіне бұл араласуға қарсы болды; осыған жауап ретінде державалар **Испаниямен дипломатиялық қатынасты тоқтатты.**

1823 ж. 7 сәуірінде герцог Ангулемский басқарған жүз 90 мың француз әскері Испанияға шабуыл жасады. Күзде **революция басып-жаншылып**, 1820 ж. 7 наурызынан 1823 ж. 1 қазанына дейінгі аралықта шығарылған барлық заңның күші жойылды. Бұл **Қасиетті Одақтың соңғы «жетістігі» еді. Веронадағы конгресс және Испаниядағы интервенция Қасиетті Одақ мүшелерінің соңғы біріккен актысы болды.** Веронадағы конгресте басқа да көптеген мәселелер талқыланды: бұрынғы испандық отарлардың тәуелсіздігін мойындау қажеттігі туралы; құл саудасын түбегейлі тоқтату жөніндегі шаралар туралы; неополитандық корольдіктегі австриялық жаулап алушы әскерлер санын қысқарту және оны жаулап алу мерзімін ұзарту туралы.

Революция алдындағы қорқыныш Ресейдің, Австрияның және Пруссияның Францияға Қасиетті Одақ атынан испандық революцияға қарсы шығуға және интервенцияны Латын Америкасындағы испандық отарларға таратуға тапсырма беруіне мәжбүр етті. Дегенмен мұндай шешім Латын Америкасы рыноктарындағы француздық бәсекелестіктің пайда болуынан қауіптенген Ұлыбританияның наразылығын тудырды. Осыған байланысты **Англия АҚШ-қа іс-орекетті үйлестіру туралы ұсыныс жасады. Оның нәтижесі АҚШ-тың «Монро доктринасын» жариялауы болды. Верона конгресінің латынамерикалық елдерге интервенция таратудан бас тартуына тура келді**

Верона конгресі жұмысын аяқтайтын күні Австрия, Пруссия және Ресей еуропалық революцияларды, соның ішінде Грециядағы революцияны айыптайтын және революциялық қозғалыстары басқа мемлекеттердің монархиялық қондырғысына қауіп төндіруі мүмкін кез келген **елдің ішкі істеріне Қасиетті Одақтың араласу құқығын бекітетін циркуляр** жариялады.

**1 Австрия,  
Пруссия, Ресей  
және Франция**

**2 Испаниямен  
дипломатиялық  
қатынасты  
тоқтатты**

**3 Қасиетті  
Одақтың соңғы  
«жетістігі»**

***Испаниядағы француз интервенциясы***

**4 интервенцияны  
Латын  
Америкасындағы  
испандық отарларға  
тарату**

**5 елдің ішкі істеріне  
Қасиетті Одақтың  
араласу құқығын  
бекітетін циркуляр**



**Осылайша, Қасиетті Одақ конгрестері өз мақсаттарына жетті:  
XIX ғ. алғашқы еуропалық революциялар толқыны  
қайтарылды, «Вена жүйесі» сақталып қалды, монархтар билігі  
қалпына келтірілді. Қасиетті Одақ қызметінің бірінші кезеңі  
осылай аяқталды**

- Қасиетті Одақ қызметінің екінші кезеңі 1822 ж. басталады. Бұл кезең Қасиетті Одақтың Англия жүргізген саясат ықпалымен ыдырап, күйрей бастауымен сипатталады. Наполеондық Франция құлағаннан кейін Англияның жағдайы нығайып, оның Еуропадағы экономикалық есері арта бастады. XIX ғ. бірінші тоқсанында ірі машина өндіруші ел болған ол басқа елдердің барлығын өз өнімдерімен қамтамасыз етті. Өнеркәсібін дамыту үшін оған кеңейтілген тұрақты рынок, сонымен қатар шикізаттың әр алуан түрлерін енгізу қажет болды
- Дж.Каннинг XIX ғ. ең көрнекті дипломаттарының бірі ретінде танымал. Каннинг билікке іс-қимыл жасаудың ерекше бағдарламасымен келді. Бұл бағдарламаны ойдағыдай іске асыру өнеркәсіптік, сауда, банктық буржуазияға үлкен мүмкіндіктер ұсынып, бұл ортаның экономикалық дамуына жол ашатын-ды. Осы арқылы револю- циялық қауіп өздігінен әлсіреп, сайлау реформасы өткірлігін жоятынын Каннинг айқын түсінді. Ол жас мемлекеттердің саяси және экономикалық көмек қажет ететіндіктерін, бұл көмекті өздеріне барынша пайдалы жағынан ағылшын банкирлері мен өнеркәсіпшілері бере алатынын білді. Мұндай жағдайларға байланысты сыртқы саясатты түбегейлі өзгерту қажет еді Еуропадағы, Америкадағы ұлт-азаттық қозғалыстармен күресу емес, керісінше, оларға барынша көмектесу керек. Меттерних пен I Александр Қасиетті Одақтың бүкіл саясатына белсенді диплома- тиялық қарсылық жүргізіліп жатқанын бірден түсіне қоймады. **1825 ж. де-факто ағылшын-бразилиялық дипломатиялық қатынасы орнатылды. Лондон кабинеті Буэнос-Айрестің, Мексиканың және Колумбияның тәуелсіздігін мойындады.**
- Англияның бұрынғы испандық отарлардың - латынамерика- лық елдердің тәуелсіздігін мойындауы Қасиетті Одақтың тұтасты- ғын түбегейлі жойды. Ресей де, Англия тәрізді, өзінің Балқанға кіруін бекітуді қалау арқылы Қасиетті Одақтың ыдырауына септігін тигізді. 1825-1826 жж. Ресей үкіметі өзінің грек мәселесіне қатысты көзқарасын өзгертті, себебі Түркия Ресейге нан және басқа да тағамдар тасымалдап жүрген грек сауда кемелерінің бұғаз арқылы еркін жүзуі туралы келісімді бұзды. Сонымен қатар гректердің Түркияға қарсы ұлт-азаттық күресін қолдау арқылы Ресей үкіметі Балқан халықтарының арасындағы өзінің беделін көтере түсуге тырысты. Қарама-қайшылықтар тек Ресей мен басқа жетекші державалар арасында ғана емес, осы державалар блогы - Қасиетті Одақ ішінде де өткір болып қалды. Әрбір серіктес шығыс дағдарысынан өз пайдасын табуға ұмтылды.

- Француздық Шілде революциясы да, тамыздағы бельгиялық революция да бір ғана заңды француз династиясы ретінде Бурбондар династиясын және Бельгиядағы бір ғана заңды үкімет ретінде голландтық король басқарған үкіметті мойындаған Вена конгресінің актыларын күштеп жою болды
- Франциядағы 1830 ж. Шілде революциясы Бельгиядағы халық бұқарасының патриоттық көтерілісіне ықпал етті. Жасырын патриоттық ұйымдар мен топтар көтеріліске шығуға әзірлікті күшейтті. Көтеріліс Антверпенде, Лувенде, Вервьеде және Бельгияның басқа да бірқатар қалаларында жеңіске жетті. 1830 ж. 10 қарашасында тәуелсіз Бельгия мемлекетінің құрылғаны туралы жарияланды.
- Голландия королі Еуропаның төрт ұлы державасынан әскери көмек сұрау арқылы және Бельгияға интервенция жүргізуді талап ету арқылы көтеріліске шыққан провинцияларды өз иелігіне күшпен қайтарып алуға тырысты. Дегенмен бельгия-голландия қақтығысы бейбіт жолмен шешілді. 1830 ж. 20 желтоқсанында Лондонда Вена конгресінің шешімімен Нидерланды корольдігінің құрамына енгізілген Бельгияның революция нәтижесінде одан бөлінуіне және оның тәуелсіздік жариялауына байланысты ұлы державалар арасында туындаған өткір қайшылықтарды реттеу мақсатымен Ресей, Ұлыбритания, Франция, Австрия және Пруссия өкілдерінің конференциясы болды. Бір жылдан астам уақытқа созылған дипломатиялық келіссөздерден кейін конференцияға қатысушылар Бельгияның тәуелсіздігі мен оның бейтараптығын мойындауға мәжбүр болды. Голландия королі Бельгияның тәуелсіздігін тек 1839 ж. ғана мойындады.
- Конференцияға қатысушылар 1831 ж. 20 және 27 қаңтарында Бельгия өкілдерімен бірге Бельгия корольдігін құру туралы Лондон келісіміне қол қойды. Барлық жақ Бельгияның тәуелсіздігін мойындап, Нидерландының келісімшарттарын мойындауына қол жеткізуді міндеттеріне алды. Келісімге сәйкес, Бельгияның құрамына төмендегі провинциялар енді: Оңтүстік Брабант, Льеж, Намюр, Батыс және Шығыс Фландрия, Антверпен және Лимбург-тың бір бөлігі, сонымен қатар Ұлы Люксембург мемлекеті территориясының бір бөлігі. Бельгия мен Нидерланды, келісім бойынша, басқа жаққа өткен территорияларға көз тігуден мәңгілікке өзара бас тартты. Келісімде Бельгияның көрсетілген шекараларда мәңгі бейтарап мемлекет болып қалатындығы атап көрсетілген. Ағылшын дипломатиясының ықпалымен Бельгияның Ұлттық конгресі 1831 ж. 4 маусымында Бельгия мемлекетінің королі етіп ағылшын королевасының туысқаны Леопольд Саксен-Кобургскийді сайлады.

□ 1830 ж. француз революциясы поляк көтерілісіне түрткі болды және осы жылдың соңында Варшавада көтеріліс басталды. Барлық поляк әскері көтеріліске бірікті. Варшавада жиналған Польша сеймі Романовтар династиясын Польша тағынан ығыстырылған деп мәлімдеп, уақытша революциялық үкімет орнатты.

І Николай үкіметінің Польшамен қарулы қақтығысқа баруына тура келді. Польша патриоттарын 1815 ж. конституция қанағаттан- дырмады және олар Речь Посполитаяның бөлінуімен келіскісі келмеді; олар 1772 ж. шекара бойынша Польшаның толық мемлекеттік теуелсіздігін қалпына келтіруге ұмтылды. Бірақ революция көсем- дерінің арасында алауыздық басталды, ал поляк әскері, орыс әскері- мен салыстырғанда, әлсіз болды. 1831 ж. көтеріліс басып- жаншылды. Көтеріліс жаншылғаннан кейін 1815 ж. конституциялық хартия жойылып, жекелеген поляк әскерлері талқандалды, Варшавадағы және Вильнадағы поляк университеттері жабылды. Польша патша- лығы губернияларға бөлініп, елді аймақтың басты шенеуніктерінен гүратын кеңес көмегімен басқаратын императорлық наместник- терге бағындырылды. Батыс орыс облыстарындағы көтеріліске қатысушыларға жататын көптеген жерлер конфискацияланып, орыс үкіметіне берілді.

□ Осылайша, 1830-1831 жж. Еуропаны революция толқыны шарпып өтті. Бұл революциялар Еуропадағы жалпыеуропалық жағдайға айқындаушы ықпал етті. 1830 ж. Париждегі Шілде көтерілісінің үш «даңқты күні» Франциядағы Реставрация тәртібіне нүкте қойды. Барлық еуропалық ареопаг мүшелерінің Бельгияның Нидерланды корольдігінен бөлінуі және тәуелсіз өмір сүруі құқығын мойындауына төрт айдай ғана уақыт кетті, сөйтіп Вена конгресінің «мызғымас» қаулыларының бірін қайта қарастыруға жол берілді. Қасиетті Одақ жалпыеуропалық қорғаныс жүйесі болудан қалды. Жаңа монарх, «король-буржуа» Луи-Филипп кезінде Франция консервативті альянсқа кіре алмайтын еді. Батыстың екі парламенттік монархиясының - бір жағынан, Ұлыбритания мен Францияның, екінші жағынан, Еуропа Шығысының абсолюттік державалары - Ресей, Австрия мен Пруссияның арасындағы мемлекеттік құрылым- дарының табиғатындағы айырмашышық революциялық толқынмен келген проблемаларды шешу тәсілдеріне әсер етті, сөйтіп түбінде осы кезде еуропалық пентархия бөліне бастаған одақтардың құрамын анықтап берді.

- Еуропалық державалардағы бірте-бірте кеңейіп бара жатқан либералдық қозғалыстың, барлық елдерде революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстардың қарқын алуы Қасиетті Одақты шайқалтып жіберді. 1833 ж. Мюнхенгец қаласында Ресей, Пруссия және Австрия Қасиетті Одақтың принциптерін бекітуге және жаңартуға әрекет жасады. 1833 ж. 3 қарашасында Берлинде Ресей, Пруссия және Австрия қол қойған келісім жасалды, бұл келісім бойынша үш мемлекеттің әрбір монархы оның басқа қатысушыларынан «ішкі бүлік» жағдайында немесе сырттан қауіп төнген жағдайда көмек ала алатын еді. «Үш монарх келісімі» атауын алған бұл келісім Қасиетті Одақты қалпына келтіру үшін жасалған әрекет болатын, бірақ ол мүмкін болмады.
- Ұлттардың оянуы және либералдық идеялардың жетістіктерге жетуі Австрияға қауіпті болып көрінді. Ол осы жауыздықпен, әсіресе, Германияда күресуді аса қажетті деп тапты, себебі Германияны өз иеліктеріне қосымша ретінде қарастырып, онда біржақты басымдық алуға тырысатын. Вена сарайы өзінің Германияда репрессия жүргізуден тапқан пайдасын оның Герман одағындағы ықпалын шектеуге мүдделі басқа елдердің иеленуімен келісе алмады. Франция тарапынан көмек алғысы келмеген ол басқа жерлерде қауіп төндіретін Ресейдің де араласқанын қаламады. Тіпті Англияны да, өзінің беделіне бәсекелес болады деп қорыққандықтан, герман істерінен ығыстырғысы келді. Австрия-ның Пруссия көмегінсіз де ерекет етуге негізі болды, себебі оның 93 жасырын қарсылығы мазасыздық тудырып отырған болатын. Дегенмен оның көмегі қажет-ақ еді. Меттерних, егер ол Пруссияны өзі жүргізіп отырған реакция саясатына қатыстырмайтын болса, онда Берлин кабинетінің революциялық қозғалысқа жетекшілік етуді қолына алуға мәжбүр болатындығын жақсы түсінді. Сондықтан Пруссияны қарсыласы ретінде емес, одақтасы ретінде жанында ұстауды қалады. Бұдан екі жақты пайда күтті: Меттерних, бір жағынан, Пруссияны Австрия мүддесіне қызмет етуге мәжбүрледі, екінші жағынан, оның танымалдығын төмендетті. I Александр «сенбеушілік» пен революцияны жек көрсе де, Қасиетті Одақтағы достарына сенбеді. Ол Меттернихтің 1814-1815 жж. оның сыртынан үш ұлы державаның қастастық коалициясын даярлағанын ешқашан да есінен шығармады. Барлығы да Ресейден қатты қорықты. Көпшілігі Наполеонның іскерлігі жоғары Ресей ол жүргізген істі - Еуропаны жаулап алуды қайталауы және оны соңына дейін жеткізуі мүмкін деген ойымен келісті.



□ Осылайша, 1830-1831 жж. Еуропаны революция толқыны шарпып өтті. Бұл революциялар Еуропадағы жалпыеуропалық жағдайға айқындаушы ықпал етті. 1830 ж. Париждегі Шілде көтерілісінің үш «даңқты күні» Франциядағы Реставрация тәртібіне нүкте қойды. Барлық еуропалық ареопаг мүшелерінің Бельгияның Нидерланды корольдігінен бөлінуі және тәуелсіз өмір сүруі құқығын мойындауына төрт айдай ғана уақыт кетті, сөйтіп Вена конгресінің «мызғымас» қаулыларының бірін қайта қарастыруға жол берілді. Қасиетті Одақ жалпыеуропалық қорғаныс жүйесі болудан қалды. Жаңа монарх, «король-буржуа» Луи-Филипп кезінде Франция консервативті альянсқа кіре алмайтын еді. Батыстың екі парламенттік монархиясының - бір жағынан, Ұлыбритания мен Францияның, екінші жағынан, Еуропа Шығысының абсолюттік державалары - Ресей, Австрия мен Пруссияның арасындағы мемлекеттік құрылым- дарының табиғатындағы айырмашышық революциялық толқынмен келген проблемаларды шешу тәсілдеріне әсер етті, сөйтіп түбінде осы кезде еуропалық пентархия бөліне бастаған одақтардың құрамын анықтап берді.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**

